

## **Түрік Республикасының әскери-оқу орындарында Қазақстан Республикасының әскери кадрларын даярлау туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 10 ақпан 1993 ж. N 94

Қазақ КСР-ы мен Түрік Республикасы арасындағы ынтымақтастық туралы 1991 жылғы 15 наурыздағы Келісімнің талаптарын ескере отырып, екі ел арасындағы достық қатынастарды және әскери кадрларды даярлау саласындағы өзара іс-қимылды дамыту бекемдігін қуаттай отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының Түрік Республикасының әскери-оқу орындарында оқуына рұқсат етілсін.
2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасында әскери білім саласында ұсынылған Келісімді пысықтап, қол қою жүктелсін.
3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Білім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі Республикалық әскери мектеп-интернаттарды бітірушілер қатарынан абитуриенттер топтарын іріктеп, жинақтау жөніндегі шараларды жүзеге асыратын болсын.
4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен әскери білім саласындағы Келісім талаптарын орындау үшін Түрік Республикасына баратын Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын ресімдеуді қамтамасыз ететін болсын.
5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне Түрік Республикасының әскери-оқу орындарына оқуға іріктеп алынған кандидаттардан орта білімі жөніндегі аттестаттық емтихандарын 1993 жылы белгіленген мерзімнен ерте өткізуге рұқсат етілсін.
6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:  
Қорғаныс министрлігінің өкілдері мен абитуриенттерді Түрік Республикасына жіберуге байланысты шығынды бюджетте көздейтін болсын;  
Түрік Республикасының әскери-оқу орындарында Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерін даярлау шарттарын зерттеп, әскери білім беру саласындағы Келісімге қол қою үшін Қорғаныс министрлігі өкілдерін Түрік Республикасына жіберуіне рұқсат етілсін;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы әскери білім саласындағы Келісімнің орындалуын

бақылап отырсын.

7. Қазақ азаматтық авиация басқармасы Алматы-Ыстанбұл-Алматы маршрутындағы авиарейстерге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтініміне сәйкес билет құнын соммен төлеу жолымен қажетті орындар бөліп отыратын болсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
бірінші орынбасары